

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы желтоқсандағы Австралияға ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 28 сәуірдегі N 676

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы желтоқсандағы Австралияға ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-австралия ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1996 жылғы желтоқсандағы Австралияға ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік

комитеттері, басқа да орталық және жергілікті атқару органдары іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы жөнінде хабарлама жасап отырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 28 сәуірдегі

N 676 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы желтоқсандағы Австралияға ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар

**ЖОСПАРЫ**

Мынадай екітарапты құжаттарды әзірлеу:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австралия Үкіметі арасындағы Сауда және экономикалық ынтымақтастық туралы келісім Алдын ала келісілген мәтінге қол қою
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австралия Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім Сарапшылардың келіссөздерін өткізу
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австралия Үкіметі арасындағы қос салық салуды болдырмау туралы келісім Бұл да сондай
4. Азаматтық және қылмыстық істер жөнінде өзара құқықтық көмек көрсету туралы шарт Жобаны Австралия жағымен талқылау
5. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі мен Австралия жұмыс, білім және жастар министрліктері арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім Бұл да сондай

II. Қазақстан Республикасы мен Австралия Үкіметтері арасындағы Экономикалық және сауда ынтымақтастығы туралы келісімнің 8-бабы негізінде Бірлескен сауда-экономикалық комиссиясын құру жөнінде

6. Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссияның қазақстандық бөлігін құру Құру

### III. Басқа да мәселелер:

7. Құрылыс саласында ынтымақтастық орнату Австралия тарабынан және жетілдіру мен жаңғыртуға жататын бірге пысықтау бірқатар өндіріс орындарына инвестициялар тарту мүмкіндіктерін айқындау
8. Австралиялық ауыл шаруашылығы Бұл да сондай технологияларын өндіру мүмкіндіктерін зерттеу
9. Австралиялық "Мунстоун" компаниясының Австралия тарабымен коммерциялық негізде "Ақбақай МБК" АҚ бірге пысықтау акцияларының мемлекеттік пакетін сатып алуының мүмкіндігін айқындау
10. Аэроғарыштық қызмет саласындағы Бұл да сондай ынтымақтастық туралы шарттарды жасасу мүмкіндіктерін пысықтау
11. Өнеркәсіптік кешендерді дамытуға Бұл да сондай австралиялық инвестицияларды тарату мүмкіндіктерін айқындау
12. Қоршаған ортаға энергетика, энергия Австралия тарабымен жинау технологиялары мен қайта бірге пысықтау жаңартылатын энергия жүйелері саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін айқындау
13. Австралияның спорт ассоциацияларымен Бұл да сондай байланыстар орнату мүмкіндіктерін айқындау
14. Австралиямен телекоммуникация және Бұл да сондай байланыс саласындағы ынтымақтастық нәтижелерін талқылау

15. Тау-кен өндірісі (алтын өндірісін коса алғанда) өнеркәсібінде Австралия тарабымен бірге пысықтау технологиялар сатып алу және өндірісті ұйымдастыру мәселелерін талқылау, Қазақстанда инвестициялық ахуалды жақсарту және инвестицияларды қорғау бағытына сәйкес австралиялық "Телстра" компаниясының қызметімен байланысты мәселелерді шешу жөнінде пәрменді шараларды қарастыру және белгілеу

16. Геологиялық барлауға тікелей Бұл да инвестицияларды тарту мақсатында австралиялық "Вестерн Майнинг Корпорейшн" компаниясының инвестициялық ұсынысын қарау

№	Орындалу мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	4	5
1.	1997 жылдың II жарты жылдығы	Экономсаудамині, Сыртқыісмині
2.	1997 жылдың I жарты жылдығы	Инвестмемком, Қаржымині, Әділетмині, Сыртқыісмині
3.	1997 жылдың II жарты жылдығы	Қаржымині, Әділетмині, Сыртқыісмині
4.	"-	Әділетмині, МТК (келісім бойынша) Ішкіісмині, Бас прокуратура (келісім бойынша), Сыртқыісмині
5.	"-	Білім және мәдениетмині, Әділетмині, Сыртқыісмині
6.	1997 жылдың II жарты жылдығы	Комиссияның қазақстандық бөлігінің төрағасы

7. 1997 жылдың II жарты жылдығы Экономсаудамині, Инвестмемком
8. "-" Ауылшармині,  
"Қазақстан-Австралия"  
ассоциациясы
9. 1997 жылдың II жарты жылдығы Инвестмемком,  
"Қазақстан-Австралия"  
ассоциациясы
10. "-" Ғылыммині-Ғылым академиясы,  
ҰАҒА, Экономсаудамині,  
Инвестмемком
11. "-"
12. "-" Ғылыммині-Ғылым Академиясы,  
Энергетика және табиғи  
ресурсмині
13. "-" Білім және мәдениетмині
14. "-" Көліккоммині, Инвестмемком,  
"Қазақстан-Австралия"  
ассоциациясы
15. 1997 жылдың II тоқсаны Экономсаудамині, Инвестмемком,  
"Қазақстан-Австралия"  
ассоциациясы
16. "-" Инвестмемком,  
"Қазақстан-Австралия"  
ассоциациясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК